

Келісемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің Ректор өкілі
«_____» _____ 2025ж.
Нажи Генч

Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің Ректоры
«_____» _____ 2025ж.
Ж.Темірбекова

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ КОДЕКСІ

ЭК-ХҚТУ-001-2025

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ВИЦЕ-РЕКТОРЫМЕН ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер: – Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры
Е.Төлегенов
3. Келісілді: – Академиялық мәселелер вице-ректоры
Э.Идрисова
– Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
– Қаржы және Халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Гиритлиоглу
– Жауапты хатшы м.а. В.Ким
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Кадр бөлімінің басшысы Ж.Сыздыкова
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2025 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2027 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 2-беті

МАЗМҰНЫ

1.	Мазмұны	2
2.	Қолдану саласы	3
3.	Нормативтік сілтемелер	3
4.	Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
5.	Жауапкершілік және өкілеттілік	3
6.	Жалпы ережелер	3
7.	Кодекстің қолданылуы	4
8.	Құндылықтар	4
9.	Этикалық қағидалар	4
10.	Ахмет Ясауи университеті этикалық кодексінің басты принциптері:	5
11.	Профессор-оқытушылар, қызметкерлердің этикалық кодексі	6
12.	Университет басшылары мен оған қарасты қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас	7
13.	Адалдық принциптерін сақтау міндеттері:	8
14.	Жауапкершілік	8
15.	Өзгерістерді енгізу тәртібі	9
16.	Келісу, сақтау және тарату	9
17.	Қосымшалар	10
	17.1 Қосымша А танысу парағы	10
	17.2 Қосымша Б өзгерістерді тіркеу парағы	11

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 3-беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл кодекс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің университет қызметкерлері басшылыққа алатын қызмет әдебінің жалпы қағидаттары мен нормаларының жиынтығынан тұрады. Университет қызметкерлері университет кодексін білуге және оның негізгі қағидаттарын сақтауға арналған.

1.2 ЭК-ХҚТУ-001-2025 Этикалық кодексі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Университеттің осы Кодексінде төменде көрсетілген нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалған:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы. – 1995ж. 30 тамыз (өзгертулер мен толықтырулармен). – Астана, 2023;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. – 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. – Астана, 2023 (өзгертулер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. – Астана, 2023 (өзгертулер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. – 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. – Астана, 2023 (өзгертулер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – 2007 жылғы 27 шілде № 319-IV (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген соңғы редакциясы 2024 жылғы 15 тамызда күшіне енді). – Астана, 2023;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысы;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы;
- Университеттің Академиялық адалдық кодексі;
- Әкімшілік-шаруашылық жұмыскерлер мен оқытушы-профессорлар құрамының тәртіп сақтау Регламенті Өкілетті Кеңестің 24.02.2024ж. №76 мәжілістің 16.7 шешімімен бекітілген;
- Университеттің Этикалық және тәртіп комиссиясының Ережесі УЕ-ХҚТУ-053-2022;
- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Университеттің осы кодексінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

ХҚТУ - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УК – Университет кодексі;

ҚП- Құжатталған процедура;

СМЖ – Сапа менеджментінің жүйесі;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы;

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы кодексі Ахмет Ясауи университетінің Сенат отырысында талқыланады және қарастырылады.

4.2 Университеттің осы кодексі Ахмет Ясауи университетінің Ректоры және Ректор өкілі тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы кодексі талаптарының сапалы орындалуына Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры жауапты болып табылады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 4-беті

5.1 Осы этикалық кодексі (бұдан былай – Кодекс) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына (2018 жылғы 04 шілдедегі өзгерістермен), 2018 жылғы 31 қазандағы №604 жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (2020 жылғы 05 мамырдағы өзгерістермен) және 2018 жылдың 30 қазанындағы №595 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрықтарына (2020 жылғы 18 мамырдағы өзгерістермен), сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (бұдан былай – ХҚТУ) Жарғысына, Ахмет Ясауи Университетінің 2024-2029 жылға дейінгі стратегиялық Даму бағдарламасы, Академиялық адалдық кодексіне сәйкес әзірленді.

5.2 Кодекс университеттің барлық профессор-оқытушылар құрамы (ОПҚ), әкімшілік-басқарушылық, оқу-көмекші қызметкерлері және білім алушылары ұстануы тиіс негізгі этикалық нормалар мен құндылықтарды қамтиды.

5.3 Кодекстің басты мақсаты – университеттің әрбір мүшесінің бойында жоғары моральдық, адамгершілік, кәсіби этикалық қасиеттерді қалыптастыру және академиялық адалдық қағидаларын сақтау.

5.4 Университет ұжымының әр мүшесі осы Кодекспен танысуға және оның ережелерін қатаң сақтауға міндетті.

6. КОДЕКСТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

6.1 Этикалық кодекс (бұдан әрі – кодекс) оқытушы-профессордың, қызметкерлердің құқықтық қатынастардың түріне, мәртебесіне немесе мерзіміне қарамастан сақталуы тиіс.

6.2 Кодекс жеке өмірге қол сұғылмаушылық және дербес деректерді қорғау саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

7. ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Университеттің негізгі құндылықтары Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен әмбебап академиялық этиканың синтезі негізінде қалыптасады.

Серіктестік және құрмет - университет өз қызметінде құрылтайшы мемлекеттердің достық, теңдік пен мәдени айырмашылықтарға сүйенетін ұстанымдарын жоғары бағалайды. Басты қағидатымыз – адамға, оның құқықтары мен қадір-қасиетіне құрмет. Біз бір команда болып, серіктестікте жұмыс істейміз, әрі қай әріптестерімізді қолдауға әзірміз. Бір-бірімізге ізгі ниет танытамыз, жігер беріп, шабыт сыйлаймыз.

Ашықтық және сенімділік - қызметімізді ашық жүргіземіз, мүдделі тараптардың бәрі де, жалпы көпшілік те бәрін еркін көре алады. Университет басшылығындағы лауазымды қызметкерлердің бәрі өз шешімдеріне, әрекеттеріне және олардың салдарына жауап береді. Өз пікірімізді ашық айтамыз және өзгелердің пікіріне құлақ асамыз. Білім алушыларымызды, оқытушылар мен қызметкерлерімізді тыңдай аламыз, ести білеміз және олардың нақты қажеттерін түсінеміз. Бір-бірімізге арқа сүйеп, қоғамдық сенім мен әлеуметтік капитал қалыптастырамыз. Университет ұжымындағы барша адаммен ұзақ мерзімді сенімді қарым-қатынас қалыптастырамыз.

Әділдік және адалдық - университетіміздің қызметкерлері мен білім алушыларының бәрі әділдік қағидатын ұстанады. Университет басшылығы ешқашан қызметкерлерді кемсітуге жол бермейді және оларды меритократияға сүйеніп басқарып, еңбегін құрметтейді. Білім беру және ғылыми қызмет процесінде академиялық этика, ар-ождан мен әдептің жоғары стандарттарын ұстанамыз әрі қолдаймыз.

Біліктілік және еңбекқорлық - бүкіл ұжым мен білім алушылар еңбекке сүйіспеншілікпен қарауға, табанды еңбек етуге және оның нәтижесіне қол жеткізуге ұмтылады. Білім беру бағдарламаларын ертеңгі еңбек нарығындағы сұранысты болжай алатын, бәсекеге қабілетті етіп құруға ұмтыламыз, толық кешенді құжаттамадан гөрі бізге сол маңыздырақ.

Инновация және бейімделгіштік - жаңашыл көзқарас, белсенді ұстаным, ұйымдастырудағы икемділік пен ұтқырлықты бағалаймыз. Өзгерістерге дайын болу бастапқы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 5-беті

жоспармен әрекет еткеннен маңыздырақ. Үнемі жақсы нәтижелерге жетуге жаңа мүмкіндік іздейміз. Сонда ғана әлемді жақсартуға түсетін жаңа идеяларды ойлап тауып, оларды іске асырамыз.

8. ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАР

Өзара сыйластық - университеттің барлық білім алушылары, оқытушылары мен қызметкерлері жалпы қабылданған этика мен мораль нормаларын сақтап, басқалардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуі және өзара сыйластық танытуы тиіс, тым жеке немесе тәкаппар қарым-қатынасқа жол бермеу, қорлайтын бағалау және аллегориялық пайымдаулар, дұрыс емес салыстыруларды қолданудан аулақ болуы тиіс.

Әдептілік - университеттің барлық білім алушылары, оқытушылары және қызметкерлері білім алушы, оқытушы немесе қызметкер толық және шынайы ақпаратқа ие болмайтын мәселелер бойынша алдын ала қорытындыларсыз өз пікірін немесе ұстанымын білдірудің ұстамды және объективті стилін сақтауы тиіс..

Бейтараптық - университеттің барлық білім алушылары, оқытушылары және қызметкерлері, құқықтық өріс шеңберінде және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен тыйым салынбаса, қандай салаларға қатысты болса да, басқалардың қалауын бағалауда бейтараптықты сақтауы тиіс. Олардың қатыстылығына қарамастан, қандай да бір артықшылықтарды насихаттауға бірдей тыйым салынады.

Сыбайлас жемқорлық пен академиялық адалдықтың кез келген көріністеріне «нөлдік» төзімділік - университеттің барлық білім алушылары, оқытушылары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық және академиялық адалдықты бұзу фактілері туралы мәліметтерге, соның ішінде оқу тапсырмаларын орындауда, академиялық мәселелерді шешуде немесе жалпы рұқсатсыз көмек көрсету туралы өтініштермен немесе ұсыныстармен шектелмей, дереу хабардар ету және ден қою шараларын қабылдауы тиіс.

Харрасменттің немесе қудалаудың басқа түрлерінің кез келген көріністеріне «нөлдік» төзімділік - университеттің барлық білім алушылары, оқытушылары мен қызметкерлері харрасмент фактілері немесе қудалаудың өзге де нысандары туралы, оның ішінде академиялық мәдениетке және басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес келмейтін моральдық мінез-құлықпен (іс-әрекеттермен) шектелмей, фактілер мен мәліметтерге дереу хабарлау және ден қою шараларын қабылдауы тиіс.

9. АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ БАСТЫ ПРИНЦИПТЕРІ:

- университет қызметінің жалпы нәтижесіне жеке үлес қосуына жауапты болуы;
- сенім, өзара көмек және жауапкершілік қағидаларына негізделіп әрекет етуі;
- толерантты және тәртіпті болуы – бұл университеттің барлық академиялық, оқытушылық және әкімшілік қызметкерлері арасындағы құқықтық мәдениет және құқықтық сана табысы;
- құрылтай мемлекеттер арасында достыққа, теңдікке және мәдени айырмашылыққа қатысты өзара төзімді болуы;
- университетте барлық үдерістердің айқындығын орнатуы;
- тұтастай университет мүддесі үшін қолайлы моральды-психологиялық климаты қолдауы;
- университеттің әр қызметкері мен студенттің білімі мен дарынын, үлесін, тәжірибесін ескеруі және бағалауы;
- тұлғаның өз пікірін еркін білдіру құқығына құрметпен қарауы;
- ұжым мүшелері арасында кез келген айырмашылықтарға төзімді болуы;
- университеттің даму мәселелерін талқылауда, қарым-қатынаста ашық және тілектес болуы;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 6-беті

- университеттің сыртқы әріптестерінің талап-сұраныстарын зерттей келе және ағымдағы сұраныстар мен болашақ қажеттіліктерді жылдам қабылдап, оларды құрметтеуі және бағалауы;
- өз қызметінің барлық салаларында академиялық адалдық қағидаларын сақтауы және адал, еркін және ашық бәсекелестікті ұстануы тиіс.

10. ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ

10.1. Профессор-оқытушылар, қызметкерлердің этикалық кодексі қағидалары:

- Университет сапалы білімнің, ғылымның, мәдениеттің инновациялық жаңа технологиялардың жетістіктерін пайдаланатын жетекші орын;
- Университет түркі дүниесі елдерінің жарқын болашағы мен достастығын қалыптастыруға атсалысатын инновациялық, қуатты білім мен ғылым ордасы;
- Университет өз оқытушылары мен қызметкерлерін бағалап, құрметтейді;
- Университетте коррупцияға, сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа жол жоқ;
- Университет түркі дүниесін тән ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтап, әрі дамыта отырып, инновациялық өркендеуге ұмтылады;

10.2. Профессор-оқытушылар, қызметкерлердің этикалық міндеті және жауапкершілігі:

10.2.1. Университет мәртебесін құрметтеу, университет оқытушысы, қызметкері атағына ар-намысымен, еңбегімен лайықты болуы;

10.2.2. Қызмет бабында мәдениетті, жауапты, әділ, кішіпейіл болуы;

10.2.3. Университетіміздің мақсаты мен міндеттерін орындауда өз жауапкершілігін сезінуге, университеттің дамуына өз үлесін қосуы;

10.2.5. Университеттің ерекшелігін, озық дәстүрлері тарихын білуге, құрметтеуге, сондай-ақ ұстаздық еңбегімен студенттерге үлгі болуға;

10.2.4. Кәсіби білікті маман ретінде білімін жетілдіруге, озық нәтижелерге жету мақсатында отандық және шетелдік тәжірибелерді білуге, қолдануға.

10.2.4. Әріптестермен және студенттермен өзара түсіністікте болып, сыйлы, сыпайы, ізгі қарым-қатынас орнатуға;

10.2.6. Ғылыми жарияланымдарына қатысты шындыққа жатпайтын, негізсіз, жалған ақпарат ұсынған ОПК және ғылыми қызметкерлер «Әкімшілік-шаруашылық жұмыскерлер мен оқытушы-профессорлар құрамының тәртіп сақтау регламентіне» сәйкес жауапкершілікке тартылады;

10.2.8. Әріптестерінің ғылыми жарияланымдары, біліктілігі мен құзыреттілігіне қатысты кемшіліктер мәлім болған жағдайда университеттегі тиісті комиссиялар мен комитеттерге хабар беруге және оны ешбір шартта жарияламау;

10.2.9. Ғылыми этика және академиялық адалдық нормаларына сәйкес келмейтін ғылыми жарияланымдар жарияламау;

10.2.7. Корпаративтік этика мен мәдениетті сақтау мақсатында қызметкерлер жеке мүддесі үшін басқа қызметкерлердің ар-намысына, жеке өмірі мен қызметіне нұқсан келтіретін мәліметтерді жинақтамауға және жарияламауға міндетті.

10.2.10. Өз мүддесі үшін университет қызметкерлерінің жеке басына қатысты мәліметтерді жарияламау;

10.2.11. Өз қызметіне және әріптестеріне құрмет көрсетуге;

10.2.13. Университет абыройына, жұмысына, оның өкілі болып саналатын қызметкерлерге нұқсан келтіретін мәліметтерді жинақтауда университетке қатысы жоқ заңды немесе жеке тұлғаларға жүгінбеуге;

10.2.14. Университеттің іскерлік абыройын құрметтеуге, университет мүддесіне қарама-қайшы келетін қандай да бір істен бас тартуға, оның атағы мен абыройын нұқсан келтіретін кез келген әрекетті болдырмауға міндетті.

10.2.15. Студенттердің алдында әріптестерінің жеке өмірін олардың кемшіліктерін сынамауы;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 7-беті

10.2.16. Білімалушылардан оқу мен ғылым үдерісінің нәтижелеріне көмектесу мақсатында сыйлық алмауы;

10.2.17. Қызмет бабын пайдаланып, студенттерге қысым жасамауы, олардың білімін бағалауда субъективті көзқарас танытпауы;

10.2.18. Жұмысқа уақтылы келуі;

10.2.19. Жұмыс уақытында өз қызметіне қатысы жоқ істермен айналыспауы;

10.2.20. Қызмет барысында дөрекілік, ыждағатсыздық танытпауы;

10.2.21. Балағат сөздерді қолданбауы, айналасындағылармен өштеспейуі тиіс.

10.2.22. Университет басшылығының шешімі мен оның қызметі жайлы жалған ақпарат таратпауы;

10.2.23. Діни көзқарастарды, сондай-ақ ұлтаралық бірлік пен дінаралық келісімге қарама-қайшы пікірлерді таратпауы;

10.2.24. Шағымдану немесе арыздану процесінде сатылы түрде басшылықты хабардар етуге;

10.2.24. Университет аумағында ішімдік ішпеу, темекі тартпауы;

11. УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛАРЫ МЕН ОҒАН ҚАРАСТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

11.1. Басшы:

- Қызметкерлерге үлгі болу арқылы кәсіби және адамгершілік қасиеттерді көрсетуге;
- Қызметкерлердің пікірлерін құрметтеп, конструктивті сынға ашық болуға;
- Қарамағындағы қызметкерлердің ар-намысы мен абыройына нұқсан келтірмеуге;
- Қызметкерлермен әділетті және теңдік қағидасы негізінде қарым-қатынас жасауға;
- Ұжымда ашықтық, сенім және өзара түсіністікке негізделген оңтайлы моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға міндетті.

11.2. Басшылыққа қарасты қызметкерлер:

- Жұмыс берушінің келісім шарттарына, еңбек, ұжымдық келісімшарттарына, қызметтік нұсқауларына, актілеріне сәйкес еңбек міндеттерін орындауға;
- еңбек тәртібі ережелерін, педагогикалық этиканы, Университет қызметкерлерінің тәртіп регламентін, еңбек қорғау және қауіпсіздік бойынша талаптарды, жұмыс орнында өрт қауіпсіздігін және жұмыс берушінің басқа да актілерін сақтауы;
- басшылық шешімдері мен нұсқауларын құрметтеп, оларды уақтылы және сапалы орындауға;
- өз міндеттерін орындау барысында басшылықпен өзара сыйластық пен іскерлік этиканы сақтауға;
- басшылықпен жұмыс барысында туындаған мәселелерді ашық талқылауға, конструктивті ұсыныстар беруге;
- ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды сақтауға ықпал етуге міндетті.
- университет имиджінің өсуіне ықпал етуге, оның ғылыми-техникалық және мәдени дамуына мүмкіндік беруі;
- университеттің академиялық адалдық және академиялық саясат нормаларының нақты, адал және объективті ұстанымдарын сақтауына;
- кәсіби деңгейді және біліктілікті жүйелі арттыруы;
- жұмысқа шығу мүмкін болмаған жағдайларда оның себебін және жұмысқа оралу уақытын кешіктірмей басшыға хабарлауы;
- әріптестерінің алдында басшыға дөрекі мінез көрсетпейуі тиіс;

11.3. Әріптестермен:

- Бірін-бірі сыйлауға, құрмет көрсетуге;
- Ағаттық танытқан үшін міндетті түрде кешірім сұрауы;
- Әріптестерінің ғылыми жарияланымдарына нұқсан келтірмеуі;
- Қауесетке сенімсіздікпен қарап, оның таралуына жол бермеуі тиіс.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 8-беті

12. АДАЛДЫҚ ПРИНЦИПТЕРІН САҚТАУ МІНДЕТТЕРІ:

- 12.1. Басқа зияткерлік меншікті пайдалануға қатысты негізгі принциптерін құрметтеу және сақтау;
- 12.2. Этикалық стандарттарды қабылдау және оларды қатаң сақтау;
- 12.3. Кез келген жұмыс түрінде, ауызша және жазбаша түрде, ағымдағы және қорытынды бағалау барысында барлық адалдық принциптерді сақтау;
- 12.4. Ұсынылатын жұмыстардың білім беру жобасына қатысушылардың жеке жұмысы болып табылатынын есте сақтау;
- 12.5. Бөтен шығармалардан үзінділер пайдалану кезінде цитата, бөтен сөздерді қолдану сияқты тәсілдерді пайдалану;
- 12.6. Зерттеу жұмысы, эссе, жазбаша өтініштерді жазу кезінде сілтемелер пайдалану, онда белгілі бір ойдың, автор мен шығармалардың қайдан алынғаны көрсету;
- 12.7. Өздерінің курстастарына жеке басына пайдалану мақсатында орындалған жұмыстарды, жеке меншікті материалды ұсынуға жол бермеу;
- 12.8. Өз жұмыс тәжірибесінде академиялық адалдық принциптерін енгізуге жәрдемдесу;
- 12.9. Академиялық бұзушылық орын алған жағдайда ескерту;
- 12.10. Білім алушылардың тұрақты дамуы мен этикаға негізделген интеллектуалдық және адамгершілік оқыту үшін жағдай жасау;
- 12.11. Қазақстан Республикасының аумағында да, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтағы қолданыстағы авторлық құқықтарды қорғау туралы нормативтік құжаттарды зерделеу;
- 12.12. Академиялық адалдық саясатын түсіндіру бойынша ақпараттық жұмыс өткізу;
- 12.13. Сабақ барысында, кездесулерді өткізу барысында, бөтен сөздер мен ойларды рәсімдеу тәсілдеріне көңіл бөлу;
- 12.14. Бұзушылық орын алған әрбір академиялық адалдықты қатаң есепке алу. Осындай жағдайлар туралы деканаттарды хабардар ету. Қажет болған жағдайда басшылыққа көмекке жүгіну;
- 12.15. Академиялық адалдықты қолдауға қатысты мәселелер бойынша семинарлар мен практикалық сабақтарға қатысу.

13. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 13.1. Университет профессор-оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылары осы кодексті білуі міндетті, қызметі мен мінез-құлқы үшін университет алдында жауапты.
- 13.2. Кодекс профессор-оқытушылар, қызметкерлеріне бірдей, тең дәрежеде ортақ іс.
- 13.3. Университеттің әрбір профессор-оқытушылары, қызметкерлері осы кодекстің орындалуы үшін моральдық жауапты.
- 13.4. Кодекс нормаларын бұзғаны үшін профессор-оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушыларға шаралар қолданылады.
- 13.5. Университет академиялық немесе тәртіптік сипаттағы кез келген бұзушылық жағдайларды қарау кезінде қызметкерлер мен студенттердің конституциялық және заңды құқықтарын сақтауға міндетті.
- 13.6. Университет қызметкерлері осы Кодекстің нормаларын білуге және сақтауға, өз әрекеті мен тәртібіне бірдей деңгейде жауапты болуға міндетті.
- 13.7. Университеттің барлық қызметкерлері осы Кодекспен таныс болуы тиіс.
- 13.8. Кодекс нормаларын білмеу оларды сақтамау жауапкершілігінен босатпайды.
- 13.9. Кодекстің сақталуын бақылау декандар мен университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.
- 13.10. Факультет декандары оқытушылармен академиялық адалдықты жүйелі сақтау тақырыбына алдын-ала әңгімелесу өткізуі тиіс.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 9-беті

13.11. Қызметкерлерге Кодекс нормаларын сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және еңбек шарттарына/оқу шарттарына сәйкес шаралар қабылдау.

13.12. Кодекс ережелерінің бұзылуы университет профессор-оқытушысы, қызметкері мәртебесіне лайықсыз әрекет ретінде қарастырылады және мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

- көпшілік алдында кешірім сұрауды ұсыну;
- білім алушыларды оқудан шығару;
- оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер этикалық кодекс талаптарын бұзған жағдайда жұмыстан босатылуы.

14. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

14.1. Университеттің осы кодексіне өзгерістерді енгізу Құжатталған акпараттарды басқару процедурасына сәйкес жүзеге асады.

14.2. СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

15. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

15.1 Осы Университет кодексін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

15.2 Осы Университет кодексінің жұмыс данасын сақтау, көбейту және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Этикалық және тәртіп комиссия төрағасына жүктеледі. Осы Университет кодексінің жұмыс нұсқасы факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне, департамент, ҒЗИ/ҒЗО, кампус директорларына, орталық, бөлім басшыларына электронды почта адрестері бойынша жіберіледі.

15.3 Осы Университет кодексінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

15.4 Университет кодексі талаптарының орындалуын Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры қадағалайды.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Қаржы және Халықаралық байланыстар вице-ректоры

Мустафа Гиритлиоглу

Жауапты хатшы м.а.

В.М.Ким

Заң бөлімінің басшысы

Г. Мусаханов

Кадр бөлімінің басшысы

Ж.Сыздыкова

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы

С.Кырыкбаева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 10-беті

ҚОСЫМШАЛАР

ҚОСЫМША А

Φ-CMB-004

Танысу парағы

[illegible][illegible]

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 11-беті

ЖОБА

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЭК-ХҚТУ-001-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет кодексі	1-ші нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің Этикалық кодексі		11 беттің 13-беті

ЖОБА